

Издается с 2005 года

ЗАҒИП ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН
АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАПХАНА



РЕСПУБЛИКАНСКАЯ
БИБЛИОТЕКА ДЛЯ НЕЗРЯЧИХ И
СЛАБОВИДЯЩИХ ГРАЖДАН

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан
Обязателен выпуск рельефно-точечным шрифтом



НӨМІРДЕ:
В НОМЕРЕ:

Тәкен Әлімқұлов «Қараой» шығармасы
Атадан қалған мұрасын, ұрпағына жалғаған
«Таза ауада кітап оқу» акциясы
Бақыт сенен басталады
Көру қабілеті бұзылған балаларды бейімдеу мен әлеуметтендіру
құралы ретінде белсенді ойын технологияларын пайдалану
Оқырмандар шығармашылығынан – Творчество наших
читателей
Фонд литературы РТШ пополнился новыми книгами
Қызық екен - Это интересно

2(118)

2025



Атадан қалған мұрасын,
ұрпағына жалғаған

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ - ПОЗДРАВЛЯЕМ!

МАРТ

1 марта – День благодарности в Казахстане

1 марта – 30 лет со дня образования Ассамблеи народов Казахстана (1995)

3 марта – Всемирный день слуха

6 марта – 80 лет со дня рождения поэта Темирхана Медетбекова (1945)

8 марта – Международный женский день

10 марта – 80 лет со дня рождения актера театра и кино, народного артиста Казахстана, лауреата премии Ленинского комсомола Тастанбекова Кумана Нурмагановича (1945-2017)

14 марта – 90 лет со дня рождения писателя, драматурга Калихана Исакова (1935-2014)

15 марта – 120 лет со дня рождения народного артиста, певца, режиссера, киноактера Канабека Байсеитова (1905-1979)

20 марта – 90 лет со дня рождения казахского поэта, народного писателя Республики Казахстан Туманбая Молдагалиева (1935-2011)

20 марта – Национальный день спорта

21 марта – 100 лет со дня рождения казахского поэта Куандыка Шангытбаева (1925-2001)

21-23 марта – Праздник весны «Наурыз Мейрамы»

29 марта – 75 лет со дня рождения казахского поэта, заслуженного деятеля Казахстана, Лауреата Государственной премии Республики Казахстан в области литературы и искусства имени Абая Серика Аксункарулы (1950)

АПРЕЛЬ

1 апреля – Всемирный день смеха

1 апреля – 100 лет со дня рождения композитора, дирижера, домбриста, народного артиста СССР и КазССР, заслуженного деятеля искусств Казахстана Тлендиева Нургисы Атабаевича (1925-1998)

РБНСТ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

2 апреля – Международный день детской книги

9 апреля – 90 лет со дня рождения казахского писателя, сатирика Габбаса Кабышева (1935)

23 апреля – Национальный день книги

23 апреля – Всемирный день книги и авторского права. Отмечается в день смерти двух выдающихся писателей Уильяма Шекспира (1564-1616) и Мигеля Сервантеса (1547-1616)

25 апреля – 135 лет со дня рождения государственного деятеля участника борьбы за создание и упрочение Советской власти Токаша Бокина (1890-1918)

25 апреля – 130 лет со дня рождения государственного и общественного деятеля Нурмакова Ныгмета Нурмаковича (1895-1937)

26 апреля – 125 лет со дня рождения писателя, академика АН КазССР Сабита Муканова (1900-1973)

29 апреля – 100 лет со дня рождения детского писателя Сансызбай Саргаскаева (1925-1995)

ӘДЕБИЕТ – ЛИТЕРАТУРА

Тәкен Әлімқұлов «Қараой»

Исатайсыз бастаған ереуілі, көтерілісі жеңіліс тауып сергелдеңге түскелі бері Мақамбеттің бармаған жері, баспаған тауы жоқ. Енді ойласа, үркердей бір шок жолдаспен Хиуаға аууы құр далбаса екен. Хан атаулының көздейтіні – өзінің тағын сақтау. Тағына қатер төнбейінше батыл қимылға бармақ емес. Қалтаңнан тіллә, халқыңнан зекет дәмететін Хиуа ханынан да, соған паналаған қазақтың бұлаң құйрық бай-батшаларынан да Мақамбеттің түңіліп қайтуында тіл жеткісіз тұңғиық сыр жатыр.

Мақамбет о баста Жәңгірдің сарайына қызмет қылғанда, хан атаулының кім екенін білмеген-ді. Бертінірек, Орынборда оқыған ханзаданың күтушісіне айналғанда, өзі де орысша сауаттанып, арғы-бергіден хабардарлық дәрежеге көтерілуі – күндердің күнінде осындай халге түсірмек екен. Жәңгір Кіші жүзді билеп-төстегенін місе тұтпаса, Мақамбет найзагер Кіші жүз арқылы

қарға тамырлы қазақты бұғаудан босатуды аңсағанын жалқылық сәтінде жақсы түсінеді. Белінен шойырылып, құла дүзде жалғыз күңіренген Ер Тарғын, қазақты іргелі ел етудің қамымен Ресейге арқа сүйеген Әбілқайыр, Абылайлар еске түседі. Олар түгіл, орыс әскерінде ерлік көрсеткен қазақтарға да өзінің еліктегенін енді пайымдауда. Хиуаның шекарасында Егор Ковалевский бастаған орыстың азғана әскеріне еріп кеткенде, Мақамбеттің ойында Жанжігітұлы, Байбатырұлы сынды ерлер болған. «Наполеонды қуысып, Париж шаһарына садақ кезене кірген, Сена деген өзеннен ат суарған қазақ батырларынан менің нем кем?!» дегені әлі есінде. Сол сапарында бораннан адасып қалмай Ресей өтіп кеткенінде тағдыр соқпағы қайда алып барар еді. Мақамбеттің бір «әттеген-айы» осы. Ақ патшаның өзімен тілдескенде, Баймағамбеттер пысып кетер ме еді, кім білсін.

Мақамбет бала-жігіт шағында Жәңгір ханға ілесіп Петербор барып, патша сарайында болғанда, айтарын айта алмай, қызықтықтың құлы боп қайтқанын кейін аңғарғандай. Ресей секілді тегеурінді мемлекеттің не екенін де кейін білгендей. Исатай оққа ұшқаннан бері де, хорунжий Шустиковтың әскерін Көтібар ұлдарының тұтқынынан құтқарып, дардан арашалағанда істің түбін ойлайтын кәмелетке жеткен екен. Кейін Орынбордың сотында сол Шустиковтың айғақтығы Мақамбеттің өзін дардан құтқаруында піскен парасаттың сыбағасы жатыр.

Соттан кейін ел ішінде екі-үш жыл бейбіт күн кешкенде, Мақамбеттің түбіне ауылдың ұсақ әкімдері жетті. Қайда жүрсе ізін аңдыған тыңшылығымен, қардай боратқан қара шағымымен жетті. Мақамбетті сұлтанның ордасына шақырғанда, Баймағамбеттің ойы сағы сынған, тауы шағылған ақынды сарайға бұлбұлша сайратып қоймақ-ты. «Ежелгі дұшпан ел болмас, етекпен кесіп жең болмас» деп салуы – ат құйрығын кесісумен тең болғанын, ақын не көрсе де тілінен көретінін кейінірек ұғынды.

Өткен күндер елесінің осы арасына келгенде, Мақамбет қайта ширықты. Жалғыз өзі бүтін әлемді жасқантардай атқа қонбаққа асықты. Көкірегін долы күш кернеп бара жатты.

– Нұрсұлтан кешікті-ау! – деді Мақамбет.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

– Жалғыз өзін неге жібердің? – деді Әуес.

– Екеумізден туған бала болса, қолға түсе қоймас, – деді Мақамбет.

– Түнде түсімнен шошыдым, – деді Әуес.

– Түс – түлкінің боғы, – деді Мақамбет.

Әуес: «Балаңның артынан барсайшы» дей жаздап, іркіліп қалды.

Мақамбет бастан кешкен сары сергелдең, қара қуғында Әуес оған зайыптық бейілімен ғана медеу. Найза ұстаған қызды, сырық сүйреткен қатынды ол көрген. Бірақ оның өзі барда күйеуінің бабын тауып, жоқта балаларын жетімсіретпеден асқан емес. Тіпті, Мақамбеттің шарасы таусылып, құты қашқан осы бұғыңқы күндердің өзінде, оған кеңес қосқан кезі сирек. Жұбайы әлде бірдеңенің жайын ақылдасса, Әуес: «Қайдан білейін. Өзің қабырғаңмен кеңессейші», - деп өзін қайрап қояды. Мақамбеттің: «Мен алмас қылыш едім, тасқа салдың – кетілдім; қайрасаң – тағы жетілдім» деген елге таранды сөзін Әуес өзінше ұғады. Күйеуінің ұлықтығын жұрттың аңызы арқылы ұққалы бері қуғын-сүргіннен көз ашып көрген емес. Әуестің өз басы үшін Мақамбет көбіне мінезімен ыстық. Сусыннан қыл шықса қатынын сабайтын батырдай емес, Мақамбет от басында өте жайлы. Ашуын тырнадан алмайды. Қайта, осы Қараойдың жапалы қойнауында болымсыз күйбеңге күйінген зайыбына сабыр тілеп, жылаған жас баланы жұбатысады. Өзінің іші пысқанда, оқтауды домбыра ғып, жас баланы мадақтауды желеулеп, жырлап жіберетін шағы да бар.

Күйеуінің бүгінгі қобалжуын, бүгінгі түрпетін Әуес ұнатып отырған жоқ. Ұлы сәскеге дейін шайға келмей үй сыртында күбірлеуі де, баласын барлауға жұмсауы да, күдіктен күпті болуы да – Әуес үшін жат қылық. Әуес шұғыл өзгеріске ұшыраған күйеуіне немен алданыш боларын білмей қипақтап, қасынан әрі-бері өтті.

Мақамбеттің есіне Әуестің баяғы кезі түсті. Талшыбықтай солқылдаған аққұба қыз осы. Қалыңдық ойнауға мас болған балаң жігіт Мақамбет. Сыр алып, сыр түйіскен ыстық күндер

лаулап өтіп кетіпті. Ағайын-аймақтың өсек-аяңы, күдіктің көңіл қажауы, қызғаныштың күйдіруі, кірбеңдік, қырғиқабақтық түп-түгел ұмыт болыпты. Бұл күнде байын айналшықтаған баянды бәйбішеде басқа қызық, бөтен ермек қалмағандай. Мақамбет ішінен «Өмір шіркін қалайша тез өтіп кеткен!» - деп бір қойды.

Отбасының игілігінде, ошақ бұтының қызығында Мақамбеттің Әуеске өкпесі жоқ, тағдырға өкпесі бар. Сақалы шығып жат болған тұңғыш ұлы Жәңгір ханмен соғыста оққа ұшты. Ортаншы ұлы Баймағамбет сұлтанмен шайқаста жарадар боп өлді. Иіс алмасы Нұрсұлтан. Түйе бағудан аса алмай жүрген ұланы. Әуестің отыз жеті жасында тапқан баласының кім болары әзір белгісіз; Мақамбет бестегі бөбегінің ұйықтайтынынан ғана дәметеді. Жалғыздықта өскен сәбидің мінезін өзге балалармен салыстырарлық заман Мақамбеттің басында жоқ.

(Жалғасы келесі нөмірде)

ЖАҢАЛЫҚТАР – НОВОСТИ

Атадан қалған мұрасын, ұрпағына жалғаған

Қазақстанда Үкіметтің Қаулысымен 23 сәуір – «Ұлттық кітап күні» мерекесі бекітілді. Бұл мерекелік дата Мемлекет басшысының қоғамда жоғары кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында үшінші Ұлттық құрылтайдың негізгі отырысында берген тапсырмасына байланысты пайда болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай отырысында елдің ертеңі мен келешегі үшін кітап оқу мен кітап басып шығару ісінің маңызына тоқталып еді.

«Ұлттық кітап күні» мерекесіне орай Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасында «КІТАП-FEST» кітап мерекесі ұйымдастырылды.

Мереке аясында Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақ ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып акедемиясының академигі, танымал этнограф жазушы, астролог, гүлтанушы ғалым, әдебиет сыншысы, назарияшы, ағартушы, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері, ҚР «Мәдениет үздігі төс белгісінің» иегері, ҚР құрметті азаматы, «Қазақ халықаралық туристік кешені» жобасының патент иесі, «Қазақ киіз үйі - ғалам

мөделі» кітабының авторы, фольклоршы Болат Бопайдың 65 жылдығына орай автордың нүктелі-бедерлі қаріппен және MP3 форматта шығарылған кітаптарының тұсаукесері және авторды еске алу кеші өткізілді.

Болат Бопайұлының «Қазақ батасы», «Қазақ дастарханы», «Қазақ дәстүрлері», «Қазақ ырым-ғұрыптары» атты тың туындылары халқымыздың рухани қазынасын байыта түскен ерекше еңбек болғандықтан, оқырмандардың сұранысы бойынша осы кітаптар нүктелі-бедерлі қаріппен және MP3 форматта шығарылып, тұсаукесері өткізілді.

Болат Бопайұлы 30 жылда қазақтың этнографиялық тақырыбын терең қаузап 30-дан астам кітап жазды. Елге оралған 30 жылда мектептер, колледждер, университеттерде Қазақ салт-дәстүр тақырыбында 2150 сағаттан артық лекция өткізген. Қазақстанда шығатын мерзімді басылым беттерінде, көптеген сайттарда Қазақ этнографиялық тақырыбында жазған мыңға жуық ғылыми мақалалары жарық көрген.

Талай жылдардан бері қазақтың дәстүрі мен ырым-тыйымдарын, қазақ күнтізбесі мен амалдарын тереңдей зерттеп жүрген, қазақ халқының бүкіл болмысына қатысты дәстүрі қысқа да, нұсқа етіп баяндалады.

Шығармаларын атап өтсек: «Қазақтың алғыстары мен қарғыстары» атты еңбегі, «Сөз саралау өнері» ғылыми-зерттеу кітабы, «Қазақ кәделері», «Асыл қазына», «Қазақтың түс жоруы» атты кітаптары оқырмандар қолына тиді. Ахметжан Қайбарұлымен бірлесіп жазған «Қазақ ырымдары» кітабы 1998 жылы Қазақстан Республикасының «Қазақ энциклопедиясынан» қазақ және орыс тілінде, «Шыңжаң халық баспасынан» араб жазуымен жарық көрді.

2015 жылы өткен бір кездесуінде Болат аға айтқан еді: «Ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрімізге ерекше мән бергеніміз абзал. Біз шетелдіктерді де осы төл құндылықтарымызбен ғана таң қалдыра аламыз».

Таң қалдыратындай, зерттелмеген жағдайлар біздің Ұлы халқымызда әлі де көп. Терең зерттейтін, шаршамайтын,

халыққа жеткізетін осындай ғалым қызметкерлеріне мың алғыс. Біз осыны білуіміз әрі мойындауымыз керек.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай: «Мәдениет пен өнер – ел өміріндегі өте маңызды сала. Өнер – ұлттың жаны, ал мәдениет – рухани келбеті. Бұл қос құндылықты өркениетіміздің өзегі деуге болады. Оны сақтап, байыта түсу – ортақ парыз. ... Сіздер өз шығармашылықтарыңыз арқылы халқымыздың бірегей болмысының жаңа қырын ашасыздар. Азаматтардың жасампаз қуатын оятасыздар. Сондықтан мемлекет шығармашылық өкілдерінің беделін арттыру үшін тиісті шараларды қабылдайды».

Жуырда ғана «Қазақ салт-дәстүр, әдет-ғұрып этнографиясының методикалық энциклопедиясы» атты екі томдық кітабы шыққан еді.

... Бір өкініштісі, қасиетті рамазан айында, осы жылдың 18 наурыз күні, танымал жазушы Болат Бопайұлы дүниеден өтті.

Қазақтың салт-дәстүріне қатысты көптеген еңбек жазып жүрген этнограф ғалымның еңбектерін атажұртқа қосқан сүбелі үлесі деп бағалайық.

Ләззат Кибашева,
«ЗНКААРК» РММ директорының кеңесшісі,
Кітапхана ісінің ардагері

«Таза ауада кітап оқу» акциясы

Ағымдағы жылдың 19 сәуір күні «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ 23 сәуір – Ұлттық кітап күні аясындағы «Таза ауада кітап оқу» акциясын өткізді. Үкімет Қаулысымен Қазақстанда жаңа мереке «23 сәуір – Ұлттық кітап күні» бекітілді. Аталмыш мереке Мемлекет басшысының қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында үшінші Ұлттық құрылтайдың негізгі сессиясында берген тапсырмасына байланысты белгіленді. «Кітапқұмарлық – жақсы қасиет. Көптеген мемлекет Ұлттық кітап күнін атап өтеді. Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз», – деді Президент

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінде.

Қаулы 2024 жылғы 16 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

Ұлттық кітап күніне арналған апталық аясында «Таза ауада кітап оқу» акциясы өтуде!

Ашық аспан астында, самал желдің аясында оқылған әрбір кітап – баланың жүрегінде жылы естелікке айналады. Осындай шуақты сәттер балғын оқырманның бойында кітапқа деген сүйіспеншілікті оятып, өмір бойғы серік етуге ықпал етеді.

Іс-шараға №124 жалпы білім беретін мектептің оқушылары ата-аналарымен қатысты.

Гүлназ Даржанова,
өнер және спорт әдебиеттері
бөлімінің басшысы

Бақыт сенен басталады

2025 жылғы 23 сәуірде сағат 11:00-14:00 аралығында Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасында маңызды оқиға – Ұлттық кітап күні мен Наурыз мейрамын тойлауға арналған «Бақыт сенен басталады» бірінші аймақтық инклюзивті фестивалінің ашылуы өтті. Кітапхана алаңында, фестиваль қонақтары мен қатысушыларына мазмұнды мәдени-танымдық бағдарлама ұсынылды. Фестиваль, Ұлттық кітап күніне арналған «Кітаптар үні» кітап көрмесінің тұсаукесерімен жалғасып, Қазақстандағы мерейтойлары атап өтіліп жатқан жазушылардың жаңа кітаптарына әдеби шолу жасалып, Ильяс Есенберлиннің «Көшпенділер», Мұхтар Әуезовтің «Асудағы атыс», Сәкен Сейфулиннің «Тар жол, тайғақ кешу» сияқты шығармалары бойынша танымдық викторина өткізілді.

Ұлттық кітап күні аясында, Қазақстанның арнайы кітапханалары арасында өткен «Сәбит Мұқановты оқимыз!» атты жазушының 125 жылдығына орай Л. Брайль жүйесі бойынша мәнерлеп оқудан онлайн-байқауының қорытындысы жарияланып, жеңімпаздарға ақшалай сертификаттар табыс етілді. Байқауға демеушілік көрсеткен «DK Proekt» компаниясы-

ның директоры Мақсат Асанұлы Шакировка, «НКТ фирмасы» ЖШС директоры Сергей Викторович Коротинге алғысымызды білдіреміз. Демеушілердің қолдауының арқасында қатысушылар лайықты ынталандырулар және шығармашылық жетістіктерге шабыт алды.

Киіз үйдің тұсаукесері, қазақ халқының тұрмыстық заттары мен интерьері туралы ақпараттар, қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және еліміздің көрікті жерлері туралы «Қазақстан мәдениеті» кітап көрмесімен таныстыру, ұлттық салт-дәстүрлер «Қыз ұзату», «Бесікке салу» сияқты әдет-ғұрыптардың көрсетілімі, жиналғандардың ерекше қызығушылықтарын тудырып, қала мектептерінің оқушылары арасында қазақ халқының «Асық ату», «Арқан тарту», «Тымақ құлату» сияқты ұлттық ойындары өткізілді. «Қазақ соқырлар қоғамы» ШҚО филиалымен бірлесіп қатысушыларға бауырсақ пен Наурыз-көже қойылған дастарқаннан дәм татқызу ұйымдастырылды.

Кітапхана - мүмкіндіктері шектеулі жандарға қызмет көрсететін аудандық пункттерге нүктелі-бедерлі және үлкейтілген қаріппен шығарылған кітаптарды алғаш рет табыс етті.

Фестивальге, Тарбағатай ауданынан келген қонақтар «Жанарым» шығармашылық тобы, №19 қосымша білім беру мектеп-орталығының инклюзивті сыныптарының оқушылары, «Жұлдыз» балалар өнер мектебі, облыстық филармонияның әртістері, «Самғау» және Қазақ зағиптар қоғамының шығармашылық ұжымдары өздерінің үздік музыкалық нөмірлерін тарту етті. Олар барлық қатысушыларды қуат пен позитивке бөлейтін жанды және көңілді әндерді орындау арқылы өздерінің таланттары мен шеберліктерін көрсетті!

Жиналғандарды, «Инклюзив» театр үйірмесінің қатысушылары көрсеткен «Шалқан» этюдi ерекше қуанышқа бөледі.

Қала мектептерінің оқушылары мен студенттері қазақ халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін және ұлттық

өмірін білуге арналған «HalyQuiz» интеллектуалды ойынының сұрақтарына үлкен қызығушылықпен жауап берді.

«Еркін микрофон» шеңберінде кәсіптік оқу орындары студенттерінің, «ӨМЗ» АҚ өкілдерімен мазмұнды да, қызықты танымды кездесуі өтті. Қонақтар жұмыс тәжірибелерімен бөлісіп, күнделікті жұмыс кестесі мен мамандықтарының болашағы туралы әңгімелеп, болашақ мамандардың сұрақтарына жауап берді.

Арнайы форматтағы кітаптармен безендірілген кітаптар аймағының көрсетілімі, жиналғандардың шынайы қызығушылықтарын тудырды.

Мұнда, Л.Брайльдің нүктелі-бедерлі қарпімен жасалған «Абай» инсталляциясы және Брайль қарпінде басылған кітаптармен көркемделген «Шабыттың алты нүктесі» кітап көрмесі қойылды.

Луи Брайль жүйесі арқылы жазуды және оқуды үйренгісі келетіндердің барлығына «Маған оқуды үйрет» атты шеберлік сағаты ұйымдастырылды.

Түрлі-түсті безендірілген «Айналамыздағы әлем барлығына қолжетімді!» балалар ойын алаңына қойылған аудиодискілер мен балаларға арналған тактильді кітаптар, танымдық ойындар үстелінің тұсаукесері жиналғандарды өзінің танымдылығымен қызықтырды. Әдеби викториналар мен асфальтқа салынған суреттер байқауы, жас оқырмандарымыздың назарларын өздеріне аудартты. Белсенді қатысушылар тәтті сыйлықтармен марапатталды.

«Шексіз мүмкіндіктер әлемі» қолданбалы өнер көрмесіне «Азина» мүгедек әйелдер қоғамдық ұйымының тіккен үй тоқыма бұйымдары, «Ерекше бала» ҚБ-нің қой жүнінен басылған киіз бұйымдары сияқты мүмкіндіктері шектеулі жандардың бірегей туындылары қойылды.

Зағип және көзі нашар көретін оқырмандар, Қали Айшаның моншақтан өрілген, Сайбел Викторияның сабыннан жасалған, Александра Леонтьеваның күршекпен тоқылған тоқыма бұйымдары сияқты төл туындыларына ерекше назар аударылды.

«Жұлдыз» балалар көркемсурет мектебінің оқушылары мен көру қабілеті бұзылған оқырманымыз Станислав Савиновтың таңғажайып суреттері, қатысушылардың олардың шығармашылықтарына деген шынайы қызығушылықтарын оятты.

Фестиваль қонақтары көрмеге қойылған бұйымдарды қызыға қарап, қуаныштары мен шынайы танданыстарын жасыра алмады.

Олардың көпшілігі біздің оқырмандарымыздың туындыларын сатып алды, бұл өнерде шекара жоқ екендігін және адамдарды біріктіруге қабілетті екендігін растады!

Бекайым Касымхановна Уябаева,
ШҚО зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы
кітапханасы директоры

ТИФЛОПЕДАГОГ КЕҢЕСІ – СОВЕТЫ ТИФЛОПЕДАГОГА

Көру қабілеті бұзылған балаларды бейімдеу мен әлеуметтендіру құралы ретінде белсенді ойын технологияларын пайдалану

Қазіргі қоғамда әлеуметтік бейімделу мен психологиялық қолдауды қамтамасыз ету әрбір баланың өмірінде маңызды рөл атқарады. Бұл әсіресе көру қабілеті бұзылған балалар үшін ерекше өзекті. Көру қабілеті бұзылған балалардың оқу, ойын және әлеуметтік белсенділікке қатысуы көбіне шектеулі болып келеді. Сондықтан, бұл балаларды әлеуметтендіру мен бейімдеу процесінде заманауи әдіс-тәсілдер мен құралдарды қолдану өте маңызды. Осы ретте, белсенді ойын технологиялары (ойын терапиясы, арнайы ойын құрылғылары мен бағдарламалар) көру қабілеті бұзылған балаларды дамыту.

Көру қабілеті бұзылған балалардың өмірінде әртүрлі қиындықтар мен шектеулер болуы мүмкін. Бұл балалар көбінесе сенсорлық ақпаратты қабылдауда қиындықтарға ұшырайды, ал бұл олардың әлеуметтік байланыс орнатуына, оқу процесіне және күнделікті өмірдегі әрекеттеріне теріс әсер етеді.

Көру қабілеті бұзылған балалардың әлеуметтік бейімделуі мен дамуы көп жағдайда олардың басқа балалармен өзара әрекет-

тесуінің деңгейіне және қоғамда өздерін қалай сезінуіне байланысты болады. Бұл балалар үшін әлемді тану, ережелер мен шектеулерді ұғыну, басқалармен қарым-қатынас орнату, сонымен қатар өздерінің физикалық және психологиялық жай-күйін түсіну аса маңызды. Мектеп мұғалімдері оқу-тәрбие жұмысында белсенді ойын әрекетін неғұрлым табысты дамыту үшін, «№1 облыстық арнайы мектеп-интернаты» оқушылары үшін бейімделген келесі ойын технологияларын пайдаланады:

- ✓ бейімделген қозғалыстағы ойындар;
- ✓ логоритмикалық жаттығулар;
- ✓ динамикалық үзілістер;
- ✓ топтық және жеке спорттық ойындар (голбол, шоудаун, бильярд, үстел теннисі, бадминтон);
- ✓ үстел үсті ойындар (дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ).

Қарағанды қаласындағы «№1 облыстық арнайы мектеп-интернаты» КММ-де көру қабілеті бұзылған балалар үшін әртүрлі дене жаттығулары мен ойындар арқылы баланың жалпы дене дамуына, қозғалғыштығын қалыптастыруға, әлеуметтенуге және сауықтыруға жағдайлар жасалған.

Көру қабілеті бұзылған оқушыны ойын әрекетіне белсенді әсер етуде туындаған кедергілерді жеңу үшін белгілі бір күш-жігер қажет. Бұл бірлескен белсенді ойын әрекеттері арқылы оқушының ең маңызды қажеттіліктері-дербестік, қарым-қатынас, өзін-өзі бекіту, өзін-өзіне қызмет көрсету қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Белсенді ойын технологиялары – балалардың дене және ақыл-ой қабілеттерін дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер мен құралдар жиынтығы. Олар балалардың жан-жақты дамуына әсер етеді, әсіресе көру қабілеті бұзылған балалардың жағдайында олар өзіне сенімді болуды, белсенді болуды және әлеуметтік өмірге белсене араласуды үйренеді. Белсенді ойын технологиялары көру қабілеті бұзылған балалардың қиялын дамытып, білім алуға қызығушылығын арттырады.

Аудио ойындар: Аудио ойындар көру қабілеті бұзылған балалар үшін ең тиімді құралдардың бірі болып табылады. Бұл ойындар балалардың есту қабілетін дамытуға, кеңістікті бағдар-

лау дағдыларын қалыптастыруға және әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі. Мысалы, арнайы аудио бағдарлама арқылы балалар түрлі дыбыстарды, сөздер мен командаларды естіп, соның негізінде тапсырмаларды орындайды.

Қозғалысқа негізделген ойындар: Белсенді қозғалыс ойындары көру қабілеті бұзылған балалардың моторикасын дамытады, сондай-ақ олардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Мысалы, сенсорлық жолақтар немесе жұмсақ тактильді объектілерді қолдану арқылы балалар өз қозғалыстарын басқаруды үйренеді.

Тактильді ойындар мен құрылғылар: Көру қабілеті бұзылған балалардың тактильді сезімдерін дамыту үшін арнайы құрылғылар мен ойыншықтар пайдаланылады. Бұл ойындар балалардың қолымен, денесімен сезіну қабілеттерін белсендіруге және кеңістікті дұрыс бағдарлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Белсенді ойын технологиялары балалардың қоғамда өз орнын табуына және өздерін әлеуметтік тұрғыда жүзеге асыруына көмектеседі. Ойын — бұл балалар үшін тек көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік дағдыларды үйрену мен дамыту алаңы болып табылады. Көру қабілеті бұзылған балалардың осы әдіс-тәсілдер арқылы өзіне деген сенімділігі артады, олар басқалармен өзара әрекет ету кезінде қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгереді.

Командалық ойындар: Белсенді ойындар көбінесе топтық жұмыстар мен командалық әрекеттерді талап етеді. Көру қабілеті бұзылған балалар командалық ойындар арқылы өзара байланыс орнатуды, тәртіпті сақтауды және топтағы өз ролін түсінуді үйренеді. Бұл олардың әлеуметтік дағдыларын жетілдіріп, қоршаған ортаға бейімделуін жеңілдетеді.

Эмоционалды дамуды қолдау: Белсенді ойындар балалардың эмоциялық жағдайларын реттеуге, өз сезімдері мен эмоцияларын түсінуге және оларды басқаруға мүмкіндік береді. Бұл көру қабілеті бұзылған балалар үшін әсіресе маңызды, өйткені олар көбінесе өз сезімдерін басқалармен бөлісуде қиындықтарға тап болады.

Осы заманғы технологиялардың дамуы көру қабілеті бұзылған балалар үшін көптеген мүмкіндіктер ұсынады. Әртүрлі сенсорлық құрылғылар мен бағдарламалар балаларға ойын барысында қажетті ақпаратты жеткізуге, дағдыларын дамытуға және түрлі жағдайларға бейімделуге көмектеседі.

Дыбыс арқылы өзара әрекеттесу: Көру қабілеті бұзылған балалар үшін арнайы дайындалған бағдарламалар мен қосымшалар бар. Олар балаларға өздерінің іс-әрекеттері мен шешімдеріне байланысты кері байланыс береді.

Сенсорлы экрандар мен құрылғылар: Тақталар мен арнайы құрылғылар арқылы балалар дене қозғалыстары арқылы ойынға қатыса алады. Бұл әдіс балалардың дене қозғалыс үйлесімділігін жақсартып және жаңа дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде белсенді ойын технологиялары көру қабілеті бұзылған балаларды дамыту мен әлеуметтендірудің тиімді құралы болып табылады. Олар балалардың физикалық, когнитивті және әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді, сондай-ақ олардың өзіне деген сенімділігін арттырады. Ойын технологиялары балалардың әлемді түсінуін жеңілдетеді, әлеуметтік бейімделуіне көмектеседі және олардың қоғамда өз орнын табуына септігін тигізеді. Сондықтан, көру қабілеті бұзылған балаларға арналған ойын технологияларын тиімді пайдалану олардың дамуында маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Вопросы обучения и воспитания слепых и слабовидящих: Сб. науч. трудов / Под ред. А.Г. Литвака. - Л., 1981. - 122 б.
2. Демирчогиан Г.Г., Демирчогиан А.Г. Специальная физическая культура для слабовидящих школьников. - М.: Советский спорт, 2000. - 160 б.
3. Ермаков В.П., Якунин Г.А. Основы тифлопедагогики: Развитие, обучение и воспитание детей с нарушениями зрения: Учеб. пос. для студ. высш. учеб. заведений. - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2000. - 238 б.
4. Иванов М.М. Спортивные игры для незрячих. - СПб., серия «Адаптивная физическая культура», 2001
5. Психологические особенности слепых и слабовидящих школьников / Под ред. Зотова А.И. - Л., 1981.

Мақпал Таңатқызы Нұртазаева,
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы «Алматы облысының
білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «№1 облыстық арнайы
мектеп-интернаты» КММ Бастауыш сынып мұғалімі

ОҚЫРМАНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН – ТВОРЧЕСТВО НАШИХ ЧИТАТЕЛЕЙ

Миловацкая Елена Андреевна

Родилась 23 мая 1981 года в Восточно-Казахстанской области, город Усть-Каменогорск. С 1998 по 2002 год обучалась в ВКГУ на финансово-экономическом факультете, специальность бухгалтерский учет и аудит. Квалификация экономист-бухгалтер. Работала бухгалтером-администратором системы пластиковых карт в «Юниверсал Содекса Евразия». До середины 2006 года главный бухгалтер филиала страховой компаний в ВКО «Виктория». С 5 лет увлекалась танцами, а с 2011 года начала писать стихи. В 2006 году потеряла зрение, инвалид I группы.

Виденье

Где ты?	Теперь, когда не хочет сердце
Ищу тебя среди ветров я.	биться,
Ищу тебя среди полей.	Ему б любить, да рвется от тоски
Куда исчезло, ты, мое виденье?	оно.
Зачем покинуло меня теперь?	Вернись ко мне мое виденье
Теперь, когда душа моя израненная	И раненая птица взмлет в небеса.
птица.	И сердце снова станет биться,
Ей бы взлететь, да перебиты крылья	Ведь жизнь для птицы – высота.
у нее.	

Мой Ангел – Хранитель

Я знаю, ты здесь со мною рядом.	Я слышу, как сердце твое
И пусть не вижу я тебя.	оживает,
Ты нежно ласкаешь меня своим	Когда душа моя витает в облаках.
взглядом	
И гладишь мои волосы любя.	Я знаю ты рядом, мой Ангел –
	Хранитель
Я чувствую, как сердце твое	Со мною по жизни преданно
замирает	идешь.
От боли, застывшей в моих	Меня укрываешь крылами своими
глазах.	И бережно за руку ведешь.

Мама

Мы начинаем жизнь свою со слова
«Мама»
И умираем, с этим словом на устах.
Мой Ангел, сокращенно «Мама»,
Несет по жизни на своих заботливых
крылах.

И день, и ночь, склонясь, стоит она
у колыбели,
И охраняет твой тревожный сон.
Несет тепло сквозь бури и метели.
Несет покой в свое уютное гнездо.

Порой одна, не зная устали и боли,
Растит она свое беспечное дитя.
Порой одна, сквозь слезы радости и
горя,
Несет свой крест, смиренно, не
ропща.

И нет нежнее рук, чем руки мамы.
Теплее солнца свет ее прекрасных
глаз.

Душа ее горит неистовой
любовью,
И сердце мамы не предаст.

Оно большое, в нем любви, тепла
и света столько,
Что хватит всем, к кому оно
обращено.
И мне порою так бывает горько,
Когда обижу ненароком я его.

Мой Ангел – мама.
И где б я ни был, куда б меня не
занесла судьба,
Нет ничего родней, дороже и
любимей,
Чем нежный голос мамы, Пусть
даже он издалека.
Мой Ангел, Мама, мой любимый
Ангел.
Прости свое не разумевающее дитя.

БИБЛИОГРАФ ХАБАРЛАЙДЫ - БИБЛИОГРАФ ИНФОРМИРУЕТ

Уважаемые пользователи!

**Фонд Республиканской библиотеки для незрячих и
слабовидящих граждан пополнился новыми книгами.**

**Николай Черкашин. «Последняя любовь Колчака» в 5
книгах.**

В новой книге известного писателя, лауреата Всероссийской литературной премии имени Александра Невского Николая Черкашина, прослеживается трагическая история любви Верховного правителя России адмирала Александра Колчака и Анны Тимиревой, дочери выдающегося музыканта, директора Московской консерватории Василия Ильича Сафонова. Всего два года отпустила им судьба быть вместе. Но за это, насыщенное

историческими катаклизмами, время их самоотверженная любовь явила высочайшие вершины человеческого духа. История адмирала Нельсона и леди Гамильтон? Красивая рыцарская сказка?.. Так или иначе, но Анна Васильевна стала для Колчака той заветной звездой, которая осенила самые трудные годы жизни, готовая разделить с ним его страшную участь.

Элис Петерсон. «Только будь со мной» в 5 книгах.

Жизнь Кассандре Брукс казалась сбывшейся мечтой: прекрасные родители, славный брат, учеба в престижном Королевском университете, взаимная любовь. Но перелом позвоночника изменил ее мир: возлюбленный покинул Кас, когда узнал, что она инвалид, а друзья не смогли продолжить общение из-за постоянного чувства вины и неловкости. Существование стало адом для Кассандры. Но надежда на счастье, сила воли и стремление преодолеть недуг помогают девушке справиться с трудностями. Сможет ли она вновь почувствовать сладкий аромат жизни?

Николай Леонов. «Трактир на Пятницкой»: роман в 3 книгах.

Имя Николая Леонова хорошо известно поклонникам детективного жанра. В 1950–1960-х годах будущий писатель работал в Московском уголовном розыске, а покинув органы МВД в звании капитана, занялся литературным творчеством. «Трактир на Пятницкой» — одно из самых известных его произведений, захватывающая история времен нэпа. В банду преступников-рецидивистов внедряется сотрудник МУРа, но оказывается, что и в стане милиционеров есть бандитский агент. Вычислить шпиона тем и другим очень сложно, и Леонов мастерски сохраняет интригу до самой развязки. В издание включена и повесть «Агония», сюжет которой также разворачивается в Москве 1920-х годов. Как и «Трактир на Пятницкой», повесть «Агония» была экранизирована (фильм «Один и без оружия»), причем сценарии к обоим фильмам, ставшим классикой отечественного остросюжетного кино, были написаны Николаем Леоновым.

Преданья старины глубокой «Былины и мифы древней Греции».

Подготовил Мырзабеков Алмас

ҚЫЗЫҚ ЕКЕН - ЭТО ИНТЕРЕСНО

Подборка удивительных фактов о жизни незрячих и слабослышащих людей, которые демонстрируют их уникальные способности и достижения.

Хелен Келлер: пример невероятной силы духа

Американка Хелен Келлер, потерявшая зрение и слух в младенчестве, научилась воспринимать речь, ощущая вибрации губ говорящего. Она овладела чтением по методу Брайля на пяти языках, окончила университет и написала 14 книг, посвятив свою жизнь защите прав людей с ограниченными возможностями.

Интересные факты о слепых // Музей фактов. Пять интересных фактов о слепых // Комсомольская правда. – Уфа.

Эхолокация у незрячих людей

Некоторые слепые люди развивают способность к эхолокации, издавая щелчки языком и анализируя отраженный звук. Это позволяет им ориентироваться в пространстве почти так же эффективно, как летучие мыши.

79 интересных фактов о слепых // faktozavr.ru

Журнал Playboy на шрифте Брайля

С 1970 года американская национальная библиотечная служба выпускает журнал Playboy с шрифтом Брайля для слепых. В издании представлены только статьи из оригинального журнала, без рельефных изображений.

Интересные факты о слепых // Музей фактов.

РБНСГ - ВЕСТИ



**Нұртазаева
Мақпал
Таңатқызы**



**Миловацкая
Елена
Андреевна**

«Таза ауада кітап оқу» акциясы



«Бақыт сенен басталады»

Уважаемые читатели, вы можете стать авторами нашей газеты.

Присылайте к нам свои статьи, очерки, стихи и прочие интересные материалы по адресу: 050000, г. Алматы, ул. Муратбаева, 171

или по электронной почте: rbnsg@inbox.ru

Газета доступна на сайте: www.blindlib.kz

Газета поставлена на учет в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на учет № 8212-Г от 26 марта 2007 года.

Подписной индекс 64186

Газета отпечатана в типографии АО «Кокше-Полиграфия»,

Акмолинская область, г. Кокшетау, ул. Ауельбекова, 98

тираж 100 экз. Заказ № 448

Главный редактор – Байузаков А.К.

Редактор по Брайлю – Сыздыков Б.Т.

Корректор казахского языка – Даржанова Г.Т.

Корректор русского языка – Дорбабаева Л.А.

Верстка – Дорбабаева Л.А.

Адрес редакции: ул. Муратбаева, 171

тел.: 8 (727) 293-70-80

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.

Материалы публикуются в авторской редакции.